

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 66 (9384) | 1954 жылғы 27 март Сенбі | Шығуына 35 жыл жеке саны 20 тыйын.

Ауыл шаруашылығына партия басшылығы жақсартылсын

Совет халқы СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету шаралары туралы» қаулысын табысты жүзеге асыру жолында қажырлы еңбек етуде. Еліміздің еңбекшілері партиямыздың бұл тарихи қарарын жүзеге асыруда елеулі табыстарға ие болды.

Бәзір совет халқы СОКП Орталық Комитеті Пленумының «Елімізде астық өндіруді оған әрі арттыру туралы, тың және тыңайған жерлерді игеру туралы» қаулысын жүзеге асыру жолында күресуде. Партиямыздың бұл қарары совет адамдарының әл-ауқат және мәдениет дәрежесін бұрынғыдан да жақсарту тусу жөніндегі қажырлықтың айқын сипаттамасы болып табылады. Өйткені, астық шаруашылығы бүкіл ауыл шаруашылығы өндірісінің негізі екендігі мәлім. Демек, астық өндіруді бұрынғыдан да арттыру Отанымыздың экономикалық күш-қуатын барған сайын нығайта беруге, совет адамдарының әл-ауқат және мәдениет дәрежесін барған сайын жақсарту беруге мүмкіндік береді.

Бүгін еліміздегі сыяқты, біздің облысымыздың партия, совет, ауыл шаруашылық органдары мен бүкіл ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің алдында аса зор міндеттер қойылып отыр. 1954—1955 жылдар ішінде біздің облысымызда 700 мың гектар тың және тыңайған жерлер игерілуі тиіс. Әресе, Октябрь, Преснов және Булаев аудандарының колхоздары мен совхоздары көп тың жер игереді. Басқаны айтпағанда, тек Октябрь ауданының колхоздары мен совхоздарының өзі үстеміздегі және келесі жылдың ішінде 250 мың гектардай тың және тыңайған жерлерді игермек.

700 мың гектар тың және тыңайған жерлерді игеру нәтижесінде 1955 жылы облыс бойынша егіс көлемі екі еседей артады. Бұл астық өндіруді көзгігіде 3—4 есе арттыруымызға мүмкіндік береді.

Бұл—аса зор және күрделі міндет. Ауыл шаруашылығының алдында тұрған бұл сыяқты аса күрделі міндетті табысты жүзеге асыру мүддесі ауыл шаруашылығына партия басшылығын мейлінше жақсартуды талап етеді. Осы міндетке сәйкес өткен жылдың аяқ шенінде селалық партия комитеттерінің жұмысы қай-

не тыңайған жерлерді игеруге мүдде қанағаттанғысыз әзірленіп жатқандығы дәлел. Сол сыяқты, Сартомар МТС-і мен оның қамтуындағы колхоздарда партия ұйымдарының жұмысы да бүгінгі талапқа сай емес. Бұл партия ұйымдары ауыл шаруашылық жұмыстарына нақты басшылық жасай алмай, жұмыстың барысына өзінің әсерді ықпалын тигізе алмай келеді. Оларда партия-ұйымдастыру және үгіт-бұқаралық жұмыстары бетімен жіберіліп, бұл жағдайды Закирченко жолдас білмейді емес. Бірақ, ол жоғарыда көрсетілген кемшіліктерді жоюға бағытталған шаралар қолданбай, МТС аймағындағы партия тобының алдында тұрған міндеттерді шешуге өзінің дәрменсіздігін көрсетіп жүр.

Әрбір колхоз, совхоз бен МТС-ке ісін жете біліп, нақты басшылық жасау керек. Ол үшін партия қызметкерлері колхоз, совхоздар мен МТС-терге әлсіздік келіп кетпей, әрбір шаруашылықтағы істің жайын егжей-тегжейіне дейін жете терең зерттеуге, жұмыстағы кемшіліктер мен оның туу себептерін аша білуге, сөйтіп, колхоз, совхоздар мен МТС-терге қолма-қол нақты көмек көрсете білуге міндетті. Сонда ғана ауыл шаруашылығына партия басшылығын жақсартып, жұмыстың нәтижелі болуына жетісуге болады.

Бізге кейбір басы партия қызметкерлері орынсыз көп қарарлар қабылдануына, толып жатқан мәжілістер, кеңестер мен жыйналыстар өткізуге, қажетсіз көп мәліметтер жыйнауға әуес. Мұндай мәжіліс құмарлар мен қағаз құмарлар өздерінің жарайсыз жұмыс әдісімен арылуға, сөйтіп, жергілікті жерлерде жиі болып, мәселені іс үстінде шешуге, колхоз басқармаларына, МТС, совхоз директорлары мен бастауыш партия ұйымдарына қолма-қол көмек көрсете білуге үйренуге тиіс.

Ауыл шаруашылығына партия басшылығын жақсарту тусудың басты шарттарының бірі—колхоз, совхоз және МТС бастауыш партия ұйымдарын нығайту болып табылады. Аудандық партия комитетінің секретарьлары мен қызметкерлері жергілікті жерлерде болғанда бастауыш партия ұйымдарының жұмыс жадымен жете танысып, ауыл шаруашылығы еңбекшілері арасында үгіт-бұқаралық

Тың және тыңайған жерлерді игеру—астық өндірісін ұлғайтудың қуатты резерві

СОКП Орталық Комитетінің ауыл шаруашылығын шұғыл өркендетудің программасын белгілеген сентябрь Пленумы астық шаруашылығы бүкіл ауыл шаруашылығы өндірісінің негізі болып табылатындығын атап көрсетті. Еңбекшілердің азық-түлік жөніндегі үнемі өсіп отырған қажеттерін оған әрі мейлінше толық қанағаттандыру ең алдымен астық өндірісінің арттырылуына байланысты.

СОКП Орталық Комитеті Пленумының елімізде астық өндірісін оған әрі ұлғайту, тың және тыңайған жерлерді игеру туралы қаулысында астық шаруашылығын тез өркендету күресінің нақты және тұжырымды программасы белгіленген. Біздің еліміздің ауыл шаруашылығының алдына таяудағы жылдарда мемлекетке дайындау және сапу арқылы астықты 1953 жылғыдан 35—40 процент артық беру міндеті қойылып отыр. Қысқа уақыттың ішінде астық өндіруді арттырудың маңызы және ең нақты қайнар бұлағы, делінген СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысында, тыңайған және тың жерлерді игеру жолымен дәнді дақылдар егісін ұлғайту болып табылады. 1954—1955 жылдардың ішінде 13 миллион гектар тың және тыңайған жерлерді игеру көзделіп отыр.

Партия мен үкмет біздің облысымыздың ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің алдына орасан зор, мемлекеттік маңызы бар міндет қойып отыр. Біз 1954—1955 жылдары 700 мың гектар тың және тыңайған жерлерді игеруге тиістіміз. Әресе, Октябрь, Преснов және Булаев аудандарында жаңа жерлердің үлкен алаңдары игерілетін болады. Тек Октябрь ауданының өзінде ғана жыртқуға тиісті жаңа жерлердің көлемі 250 мың гектарға жақындайды.

Үстеміздегі жылдың өзінде ғана тың және тыңайған жердің 100 мың гектарынан астамына жаздық қатты бидай және шінара тары себіледі. Облыстың колхоздары мен совхоздарында жаңа жерлерді игерудің нәтижесінде 1955 жылы егістің алаң өкі есе дерлік ұлғаятын болады. Мұның өзі астықтың товарлы өнімін үш-төрт есе арттыруға, колхозшыларға еңбек күнде астықты көбірек беруге, колхоздардың ақшалай кірісін арттыруға мүмкіндік береді.

Партия мен үкметтің ауыл шаруашылығы алдына қойған міндеттерінің күрделілігі және өмірлік маңыздылығы партия және совет органдары тарапынан ауыл шаруашылық өндірісінің барлық учасқоқтеріне өлшеусіз зор жетік және терең басшылық етуді, бұқараны ауыл шаруашылығын өркендетудің түбірлі мәселелерін шешуге ұйымдастыра білуді талап етеді.

(СОКП Орталық Комитеті февраль-март Пленумының қаулысынан)

☆

А. ПОПАДЬКО,

Қазақстан КП обкомінің секретары

☆

йылмаған. Механизатор кадрларын даярлау Петропавл және Қыялы механизация училищелерінде нашар жүргізілуде. Көптеген механизация училищелері мен курстарда оқулықтар, көрсекі құралдар және сабақ өткізетін үйлер жетіспейді. Бірақ, осындай жағдай ауыл шаруашылық органдарының басшыларын қыжылтпайтын сыяқты. Курстар мен училищелердің жұмысын шұғыл жақсартуға, олардың машина жүргізу өнерін жете меңгерген білімді мамандар даярлап шығаруына жетісу керек.

Жаңа жерлердің ойдағыдай игерілуіне тракторлар мен басқа да ауыл шаруашылық машиналардың көктемгі егіске үлгілі әзірленілуі зор көмектеседі. Алайда, бұл іске әлі де болса кейбір жерлерде мән бермеушілік бар екенін фактілер көрсетіп отыр. Бірқатар МТС-терде машина-трактор паркін жөндеу қанағаттанғысыз жүргізіліп келеді. Әресе, Коновалов МТС-інде тракторлар нашар жөнделеді. Мұнда қолда бар 67 трактордан 50-ақ трактор жөнделген. Чистяк, Суворов және Семиполка сыяқты МТС-терде де машиналар жөндеу баяу қарқынмен жүргізілуде.

Облысты тұтас алғанда, тракторларды жөндеу жоспары тек 78,3 процент ғана орындалып отыр. Облыстық ауыл шаруашылық басқармасының басшылары жөндеу ісіндегі артта қалушылықты жөю жөнінде практикалық шаралар қолданбай, барлық МТС-терде жөндеудің таратық әдісін енгізуге жетіспей, графиктің орындалуына күнбе-күн бақылау жасамайды. Облыстық «Главмашобит» және ауыл шаруашылығын запас бөлшектермен жабдықтау мекемелері жұмысты өте нашар істейді. Бұл ұйымдардың басшылары облысқа, МТС-тер мен совхоздарға қажетті запас бөлшектер мен материалдардың кезінде жеткізілуін қамтамасыз етпей келеді.

Машина-трактор паркін және тіркеу құралдарын жөндеу кезінде аяқталуға және жоғары саналы болуға тиіс. Бұл

тырмалау және себу жұмыстары жерді жыртқаннан кейін 3 күннен соң, жер «тыныққаннан» кейін жүргізілген. Колхозда тұқым себудің тоғыспалы әдісі келінен қолданылған.

Алайда, тың және тыңайған жерлерде мол өнім өсірген осы және басқа бірқатар колхоздардың бағалы тәжірибесі облыстың барлық колхоздарында кеңінен таратылмай отыр. Тың және тыңайған жерлерді игеру жөніндегі озат колхоздар мен совхоздардың тәжірибесін облыстық ауыл шаруашылық басқармасының ауыл шаруашылық насихаты басқармасы, саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының облыстық бөлімшесі мейлінше жеткіліксіз таратады. Мәселен, тарқатарлы және тоғыспалы егіс сыяқты агротехникалық озат тәсілдер нашар насихатталуда. Ал, бұл тәсілді кеңінен тарату керек.

Жаңа жерлерді игеру—бүкілхалықтық зор іс. Сондықтан ауыл шаруашылығы еңбекшілерімен қатар, бұл іске қала мен жұмыспен поселкелерінің еңбекшілері де белсене қатысуға тиіс. Облыста колхоздарға еңбекті көп керек ететін жұмыстарды электрлендіру және механизацияландыру, өндірістік мақсаттар үшін құрылыстар салу ісіне ойдағыдай қажырлық, көмек жасайтын кәсіпорындары бар. Кәсіпорындары өздерінің таңдаулы адамдарын селсқа жұмыс істеуге жіберуде. Қалалық партия ұйымы МТС-тер мен колхоздарға кәзірдің өзінде 700-ге жуық адам жіберді. Петропавл паровоз депосының жас жұмысшыларының тракторшылар болу және МТС-терге жұмысқа бару жөнінде тілек білдірген инициативасын айырықша атап көрсету керек. Петропавл теміржолшыларының инициативасы қызу қолдау тапты. Ет-консерві комбинатының, тігін және аяқ киім фабрикаларының және облыстың басқа да кәсіпорындарының көптеген жұмысшылары механизация училищелеріне жіберуді сұрап өтініш берді.

Істің мүддесі қажырлық көмекті оған сайын күшейтуді, колхоздар мен МТС-тер,

дықтан да істің барысына ықпал жасай алмайды. Бұл аудандық партия комитеттері жергілікті жерде жұмыс істеудің, ең қыйын учасқоқтерді кезінде байқап, көмектесудің, болуы ықтимал кемшіліктерді жоюға барлық күш-мүмкіншілікті жұмылдырудың, еңбектің жаңа, алдыңғы қатарлы тәсілдері мен әдістерін ұқыптылықпен қолдан және таратып отырудың орнына қатынастардың, нұсқаулардың және қаулылардың күшіне сүйенеді.

Партияның шақыруы бойынша тың және тыңайған жерлерді игеру үшін біздің облысымызға Москвадан, Украинадан, Алматыдан және еліміздің басқа да облыстары мен қалаларынан комсомолецтер мен жастардың үлкен тобы келді. Олар жұмыс істеуге тиісті МТС-тер мен колхоздарда жаңадан келген жолдастардың жаңа орында жемісті жұмыс істеуі үшін кәзірдің өзінде бірқатар жұмыстар істелді. Преснов совхозында жас патриоттар қуанышпен қарсы алынды. Оларға жақсы жабдықталған жатақханалар берілген, көпшілік тамақтану ұйымдастырылып, жылы сырт киім мен аяқ киім бөлінген.

Ауыл шаруашылығы еңбекшілері жөніндегі, олардың қажеттерін өтеу және ең алдымен жаңадан келгендер жөніндегі мұндай қажырлық МТС-тердің, колхоздар мен совхоздардың, партия және совет органдары басшыларының барлығының тарапынан үнемі жасалып отыруға тиіс.

Кәзірдің өзінде тракторшылар мен колхозшылар үшін дала қостарында дұрыс, жақсы тамақтануды қалай ұйымдастыру, қажетті тұрғын үй жағдайын қалай жасау керектігін терең және жаян-жақты ойластыру керек. Бұл істе қыйыншылықтар кездесетіні мәлім, бірақ, оларды сөзсіз жеңу керек.

Егіс даласында жұмыс істейтін механизаторлар үшін 200 шатыр бөлінеді. Сонымен қатар совхоздар 78 дала вагоншаларын алады. Алайда, осының бәрі жеткіліксіз. Әрбір шаруашылықтың жанына шатыр және вагоншалар керек ететінін алдын-ала есептеп және осыған байланысты оларды жергілікті жерде әзірлеудің мүмкіншіліктерін іздестіру керек.

Үстеміздегі жылы облыс колхоздары мен совхоздарында егіс жұмыстарының көлемі едәуір ұлғаяды. Жекелеген трактор бригадалары МТС-тердің орталық қалыба-

дық комитеттің секретары бастаған партия тобы қызметкерлері қамтып, бүкіл МТС-тің және оның қамтуындағы колхоздардың саяси және шаруашылық жұмыстарына басшылық жасайтын болды. Бұл шара партия басшылығы ауыл шаруашылығына жақындастыра түсіп, ауыл шаруашылығы еңбекшілерін алда тұрған міндеттерді орындау күресіне белсене жұмылдыруға қолайлы жағдай туғызды.

Облысымыздың бірқатар аудандық партия комитеттері, әсіресе, Преснов аудандық партия комитеті құрған партия топтарының қызметкерлері өз жұмысын жаңа талаптар дәрежесіне сай қайта құра білді. Бұл аудандық партия комитетінің партия тобының қызметкерлері МТС-тер мен колхоздардың жұмысына нақтылы басшылық жасап, оларға күнбе-күн көмектесіп отыратын болды.

Ауыл шаруашылығына партия басшылығын жақсарту дегеніміз — ең алдымен, колхозшыларды, МТС және совхоз қызметкерлерін шаруашылықтың алдында тұрған міндеттерді орындау күресіне белсене жұмылдыра білу деген сөз. Алайда, бізде бұқараны алда тұрған міндеттерді орындауға жұмылдыру орнына, колхоздарға жүргізіліп жатқан сөзбен, істің жабын байыптап зерттемей, колхоз басқармасы мен партия ұйымына нақтылы көмек көрсетпей, көп кідірместен кете баратын, нақты ұйымдастыру жұмысымен шұғылданудың орнына, орысыз көп мәжілістер мен кеңестерде, толып жатқан қаралар, нұсқаулар жазумен, мәліметтер жыйнаумен уақыт өткізетін партия басшылары аз емес.

Мысал келтірейік. Закирченко жолдастың ҚКП Совет аудандық комитетінің Сартомар МТС-і аймағындағы секретары болып сайланғанына едәуір уақыт өтті. Алайда, ол жұмысқа жірікпен бері көзге түсерліктей мұқиятты жұмыс істеген жоқ. Біздің бұл пікірімізге Сартомар МТС-нің тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеуде төзгісіз артта қалуы МТС қамтуындағы колхоздарға мал қыстатудың нашар ұйымдастырылып, олардың көктемгі егіске, әсіресе, тың жа-

ңалықтарын жарысты кең өрістетуде, ауыл шаруашылығы өндірісінде коммунистердің авангардтық ролін арттыруда, бастауыш партия ұйымының ауылшаруашылық өндірісіне басшылығын жақсартуда бастауыш партия ұйымдарына көмектесіп отыруға міндетті.

Сол сыяқты, аудандық партия комитеттері колхоз, совхоз және МТС бастауыш партия ұйымдарының секретарьларының тәрбиелеу, олардың саяси-идеялық білім дәрежесін және ұйымдастырушылық қабілетін арттыру мәселелерімен үнемі шұғылданып отыруы қажет.

Саяси-бұқаралық жұмыстарды алда тұрған шаруашылық міндеттерден бөліп қарауға болмайды. Бастауыш партия ұйымдарының ауыл шаруашылығы еңбекшілері арасындағы үгіт-бұқаралық жұмысын алда тұрған шаруашылық міндеттермен ұштастыра жүргізуіне жетілу керек.

Шаруашылықтың қай саласында болсын коммунистер бұқараны ұйымдастырушылар болып саналады. Олай болса, аудандық партия комитеттері мен бастауыш партия ұйымдары коммунистерді ауыл шаруашылығы өндірісінің шешуші участоқтарына дұрыс бөліп, олардың авангардтық ролін атқаруына жетісуі керек.

Көктемгі егістің, тың және тыңайған жерлерді игеру жұмысының басталуына онша көп уақыт қалған жоқ. Олай болса, аудандық партия комитеттері, олардың МТС аймақтарындағы партия топтарының қызметкерлері, колхоз, совхоз және МТС бастауыш партия ұйымдары көктемгі егіске, әсіресе, тың және тыңайған жерлерді игеруге әзірлік жұмыстарының тыңғылықты аяқтауын қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қолдануға тиіс.

Қабылданған қарарлардың орындауына ұйымдастыру және бақылау — жұмыстың табысты болуының кепілі. Партиялық ұйымдастыру жұмысының дәрежесін жақсарту үшін, ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің алдында тұрған күрделі міндеттердің ойдағыдай орындалуын қамтамасыз ету — облыс партия ұйымының айбынды міндеті.

Тың және тыңайған жерлерді игеру біздің облысымыз үшін жаңалық іс емес. Бірқатар колхоздар мен совхоздар жыл сайын дерлік егістік айналымды тың және тыңайған жерлер есебінен толықтырып отырды. Алдыңғы қатарлы ауылшаруашылық артельдері тың және тыңайған жерлердегі өнім ертеден жыртылып келе жатқан жерлерден алынатын өнімнен едәуір жоғары болатындығын өз тәжірибелерінен айқын зорға жүр. Полудень ауданындағы «Прогресс» ауылшаруашылық артелинің колхозшылары тың жердің әрбір гектарынан орта есеппен 30 центнерге жуық астық жыйнаған. Астық шаруашылығын өркендетуде Конихов ауданындағы «Путь Ленина» колхозы тамаша нәтижелерге ие болды. Оның табыстары СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысында атап көрсетілген. Өткен жылы бұл артельдің егіншілері астық жыйнауды бірнеше мың центнер арттырған.

Жаңа жерлерді игеру жұмыстарына көп мыңдаған адамдар, машина-трактор станциялары мен совхоздар, үнемі толықтырылып отырған қуатты техника қатыстырылады. Тек үстіміздегі жылы облыс МТС-тері 15 аттың күші бар тракторға айналдырғанда 1329 трактор, көптеген плугтер, сеялқалар және басқа ауылшаруашылық машиналарын алады. МТС-терге көздің өзінде қуатты техниканың алғашқы тобы: дизель тракторлары, 3000-нан аса тырмалар, жүздеген плугтер, сеялқалар келді. 1954 жылы облыс совхоздары 900-ден аса трактор алады.

Быйылғы көктем әсіресе механизаторлар үшін жауапты көктем болып табылады. Механизаторлар колхоздарда атқаратын жұмыстардың сапасын шұғыл жақсартуға, жер жыртыуды және тұқым себуді барлық агротехникалық талаптарды орындай отырып, ең қысқа мерзімде өткізуге тиіс. Ал, бұл үшін көздің өзінде жыртылатын жерлерді іріктеу жөнінде қамқорлық жасау, оны алдын-ала белгілеп қою қажет.

Облысымыздың машина-трактор станцияларында құрамында 141 трактор бригадасы бар 32 трактор отряды құрылды. Міндет оларды маман кадрлармен толықтыруда болып отыр.

Осыған байланысты механизатор кадрларын даярлау мәселесінің маңызы ерекше арта түседі. Облыс МТС-теріне еліміздің түрлі қалаларынан едәуір көп тракторшылар келеді және олардың біразы көздің өзінде келді де. 2 мыңнан астам механизаторлар механизация училищелері мен МТС-тер жанындағы курстарда оқуда.

Училищелер мен курстардың жұмысындағы елеулі кемшіліктердің бірі оқу сапасының төмендігі болып отыр. Көптеген механизация училищелері мен тракторшылар даярлау жөніндегі курстар қанағаттанғысыз жұмыс істейді. Олардың өздері толықтырылмаған, бірқатар училищелер мен курстарда сабақ беру төмен дәрежеде, ауылшаруашылық өндірісінің талағай жеткен мәселелерімен байланыстырылмай жүргізіледі. Тимирязев атындағы, Николаев және басқа бірқатар МТС-терде тракторшылардың оқуы жолға қо-

йық және механизаторлардың, ауылшаруашылық органдары басшыларының және жабдықтау ұйымдарының барлық күш-жігерін жұмылдыру керек.

Тұқым дайындауға ерекше көңіл бөлінуге тиіс. Көптеген колхоздар мен совхоздарда тұқым өңірттік қондырғыға жеткізілген. Алайда, тұқым құю толық аяқталмаған шаруашылықтар да бар. Мәселен, Октябрь ауданындағы «Смычка», Калинин атындағы, Преснов ауданындағы «Прибой» және «Победа» сыяқты колхоздар тұқымның 70—80 процентімен ғана қамтамасыз етілген.

Тұқымның тазалануын және оның өңірттігін тексеруді тезірек аяқтау, тұқым айырбастауды ойдағыдай ұйымдастыру, колхоздардың көктемгі егістің мемлекеттік жоспарын орындау үшін жаздық дақылдардың жоғары сапалы сортты тұқымдарымен толық қажетті мөлшерде қамтамасыз етілуіне жетісу керек.

Партия мен үкметтің астықтың жалпы өнімін онан әрі ұлғайту жөніндегі тапсырмаларын орындау ісінде совхоздарға зор міндеттер жүктеледі. Облысымыздың совхоздары жаңа техникамен үздіксіз жабдықтауда, күрделі құрылыс үшін, жұмысшылар мен мамандардың мәдени-тұрмыстық жағдайларын жақсарту үшін оларға көп қаржы беріледі. Солай болса тұрса да, совхоз өндірісін жедел өркендету үшін қолда бар мүмкіншіліктер қанағаттанғысыз пайдаланылуда. Қарағанды совхозында өткен жылы жаздық бидайдың әрбір гектарынан алынған өнім тек 6,8 центнер ғана болғандығын мысалға алудың өзі де жеткілікті. Чистов совхозында әрбір гектардан жыйналған астық 9,3 центнер, Буденный совхозында бұдан сөз ғана артық болған.

Үстіміздегі жылы біздің облысымызда жаңадан 12 астық совхозы ұйымдастырылады. Көздің өзінде олар үшін жер бөлу жұмыстары кеңінен өрісеті, орталық ұсадыбаларды жоспарлау, өндірістік және тұрғын үйлерді салуға әзірлік жүргізілуде. Жаңа совхоздар қуатты астық комбинаттары болуға тиіс.

Алайда, жаңа совхоздарды ұйымдастыру, жерлерді іріктеу, құрылысқа әзірлену өте-өте баяу жүргізіліп отырғанын мойындау керек. Қоймалардан стандартты үйлер мен материалдар сылбыр іріктеліп алынуда, бригадаларды ұйымдастыруда елеулі кемшіліктерге жол беріліп отыр. Бұл кемшіліктерді батыл жою керек. Совхоздар тәсілі жаңа совхоздарды ұйымдастыруға байланысты барлық мәселелерді оперативтілікпен шешуге тиіс.

Ғылым мен озат тәжірибенің табыстарын насихаттаудың ролі көзінгі уақытта онан сайын арта түсіп отыр. Конихов ауданындағы «Путь Ленина» колхозының тың және тыңайған жерлерден мол өнім алу жөнінде өте бай тәжірибесі бар. Дәнді дақылдардан мол өнім алу — бұл ең алдымен мұнда тың және тыңайған жерлерден ерте, қысқа уақытта өңделуінің нәтижесі. Мұнда жер жыртыу топырақтың құнарлы қабатының қалыңдығына байланысты тереңдікте түрленді плугпен жүргізілген, ал, шым аударылып боразданың түбіне жатқызылатын болған. Дискелеу,

ке баратын мамандардың қатарын көбейтуді талап етеді. Алайда, шағын двигателдер зауытының директоры Сердюков жолдан сыяқты қаспандарының жеке-жеке басшыларының МТС-терге жұмыс істеуге тілек білдірген адамдарға кедергі жасауына төзуге болмайды. Мұндай басшылардың жаңа жерлерді игеру сыяқты бүкілхалықтық іске үлесін қосу өзінің тікелей міндеті екенін түсінетін уақыт жетті.

Тың және тыңайған жерлердің орасан зор алаңдарын игеру міндеттерінің жүзеге асырылуы ауыл шаруашылығына басшылықты түбірімен жақсартуға талап етеді. Көптеген фактілер бірқатар аудандық партия комитеттері мен аудандық Советі атқомдерінде ауыл шаруашылығына басшылық жасауда формальдылықтың, кеңсешілдік-бюрократтық өдістің жойылмағандығын сипаттайды. Әлі де болса қарағанды күшіне сенушілігі зор болып отыр. Бізде бұйрыққа қол қойып, «нұсқаулар жіберіп», өзінен өзі қанағаттанатын, осыдан кейін іс алға барады, мәселені шешілді деп есептейтін «қайраткерлер» әлі де бар. Мұндай бишара басшылар колхоздар мен МТС-терге нұсқаулар мен ұсыныстарды көбейтіп жіберіп, оның қалай орындалатындығы жөнінде өздері де ойланбайды. Мәселен, Совет МТС-іне бір күнде 20-ға жуық түрлі бұйрықтар мен қаулылар белген уақыттар да болған.

Кейбір аудандық партия комитеттері ұйымдастырушылық жұмыстың негізгі мәнісі мәжілістер өткізу мен қарарлар жазуда емес, бұқара арасындағы жанды практикалық жұмыста, оларды партия мен үкметтің ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету жөніндегі қарарларын орындауға жұмылдыруда екенін ұмытып кетеді.

Ауыл шаруашылығына басшылықты жақсартуда МТС аймағына бекітілген партия қызметкерлерінің тобы зор роль атқаруға тиіс. Село аудандық партия комитеттерінің жұмысын қайта құру партия ұйымдарының қабілеттілігін арттыруға, олардың қоғамдық шаруашылықты нығайту, ауыл шаруашылығына басшылықтағы несіздік пен қол сұғушылықты жою күресіндегі ұйымдастырушылық ролін арттыруға көмектеседі. Жұмысты жаңаша құру нақты жүргізілген жерлерде колхоздарға, совхоздар мен МТС-терге басшылық мейлінше жанды, нақты, оперативті болады.

Партия қызметкерлерінің көптеген топтары бұл бағытта алғашқы қадам жасап, жұмыста кейбір тәжірибелерге ие болды. Мәселен, Преснов аудандық партия комитеті құрған нұсқаушылар тобы механизаторлар мен колхозшылар арасында едәуір саяси және ұйымдастырушылық жұмыстар жүргізді. Олар партия ұйымдарына жұмысты жақсартуға, тың жерлерді игеруге әзірлікке байланысты барлық мәселелерді шешуге көмектесуде.

Алайда, бірқатар аудандық партия комитеттері және әсіресе Октябрь, Булаев, Приешім аудандық партия комитеттері өздерінің жұмыстарын баяу қайта құруда. МТС аймағы жөніндегі партия қызметкерлерінің топтары барлық жерде бірдей қалың бұқара арасында болмайды және сон-

дары мен колхоздардан ондаған километр қашықтықтағы участоқтарда тың жерлерді жыртып болады. Трактормен түрлі жағдайлар кездесуі мүмкін — егер қолма-қол бөлшектер және құрал-саймандар болмаса машинаның босқа тұрып қалуы кездесетіні сөзсіз. Осының барлығын алдын-ала қарастыру керек. Трактор бригадаларын запас бөлшектер мен тораптардың айырбасталатын қорымен, май құю құрал-саймандарымен, жағар-жапар материалдарымен жабдықтау, МТС пен трактор бригадалары арасында радио байланысын ұйымдастыру сыяқты мәселелерді естен шығаруға болмайды. Әрбір МТС-те жабдықтың, детальдар мен механизмдердің қосымша комплектісімен жабдықталған жылжымалы мастеркойлар болуға тиіс.

Жаңа жерлерді көтеру жөніндегі міндеттердің ойдағыдай орындалуы көп реттерде саяси-бұқаралық және мәдени-тәрбие жұмыстарының дұрыс жолға қойылуына байланысты болады. Аудандық партия комитеттерінің МТС аймағы жөніндегі секретарьларының, партия және комсомол ұйымдарының борышы — селодағы саяси жұмысты басқару, жаңа жерлерді игеру жолындағы социалистік жарысты кеңінен жария және әсерлі ету. Әрбір бригадала, әрбір дала қосында әрбір жұмысшының өз еңбегінің және жолдастарының еңбегінің нәтижелерін көруі үшін Құрмет тақталары ұйымдастырылуға тиіс.

«Жауынгерлік листоктар», «Молниялар», үгітшілердің нақты мысалдарға құрылған әңгімелері саяси үгіттің әсерлі түрі болып табылады. Осының барлығын орындап, ойланып пайдалану керек, үгіт өнері — жауапты іс және ол байынтылықпен, дұрыс жүргізілгенде ғана жеміс беретіндігін орқанан есте ұстау керек. Бұқара арасында саяси жұмыс жүргізу ісіне село интеллигенциясын — мұғалімдерді, инженерлерді, агрономдарды, дәрігерлерді қатыстыру керек. Село интеллигенциясының бұл үлкен отряды саяси-бұқаралық жұмысты өрістетуде партия ұйымының тірегі болуға тиіс.

Ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің жаңа жерлерді игеру жолындағы жарысын ұйымдастыруда біздің облыстық және аудандық газеттерімізге жауапты міндеттер жүктеледі. Олар социалистік жарыстың барысын істе жете біле жазып отыруға, кемшіліктерді кезінде ашуға, алдыңғы қатарлы трактор бригадаларының, колхоздар мен совхоздардың тәжірибелерін терең жазып отыруға тиіс.

Ауыл шаруашылығын онан әрі шұғыл өркендету үшін бізде орасан зор резервтер бар, міне, соларды іске қосу қажет.

Облыс партия ұйымы еңбекшілердің қалың бұқарасының еңбектегі белсенділігін бастай отырып, барлық күшін ауыл шаруашылығын жоғары дәрежеде өркендетуге және жоғары рентабельді етуге, үстіміздегі жылы тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен қосымша миллиондаған пұт астық алуға жетісуге жұмылдырады.

Қазақстанның онтүстігінде

ШЫМКЕНТ. (ҚазТАГ). Қазақстанның онтүстігінде ауарайы жылынды. Ильичев және Пахта-Арал аудандарынан кейін Арыс, Сары-Ағаш және Келес аудандары көктемгі дала жұмыстарын кеңінен өрістетті. Көздің өзінде-ақ 15 машина-трактор станциясы жерді жыртып, тұқым себуде.

Бадам МТС-нің механизаторлары көктемгі дала жұмыстарын ұйымдасқан түрде бастады. Трактор бригадалары төулік бойы жұмыс істейтін болды. Дәнді дақылдар үшін жыртылған жерлер дереу себілуде. Жданов атындағы колхозда жұмыс істеуші Қорабев жолдастың бригадасы 50 гектар жер жыртып, оған түгел арпа сеуіп, норманы біржарым есе асыра орындады.

СЛАВЯНКА. (Оңтүстік Қазақстан облысы). (ҚазТАГ). Иржар МТС-нің механизаторлары дала жұмыстарын кеңінен жүргізуде. Барлық колхоздарда маши-

наларды агрегатқа бөлу тәртібі кеңінен қолданылып, дәнді және дәнді-азықты дақылдар дымқыл жерге себілуде. Трактор бригадаларында еңбекті жылдамдатылған әдіспен ұйымдастыру жақсы нәтижелер беруде. «Красный Октябрь» колхозында жұмыс істеуші Бежанаров жолдастың бригадасы дәнді дақылдарды жыртып, себу жұмысын екі тәуліктің ішінде аяқтады. Сол сыяқты, «Алғабас», «Победа», «Коммунизм» колхоздарында жұмыс істеуші бригадалар бидай, арпа және басқа жаздық дәнді дақылдардың егісін 2—3 күнде аяқтады. Осы колхоздардың барлығы көзді жоспардан тыс дәнді дақылдар себуге.

Жер қыртысының құрғақ жайына қарап мақта егілетін жерлер іріктеліп алынып, терең жыртылуда. Бұл жұмыс МТС-тің қамтуындағы 7 колхозда көздің өзінде жүргізіліп жатыр.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Іске әлі шындап кіріскен де жоқ

АЛҒАШҚЫ САПАРЫНАН КЕЙІН

60 КҮН БОЛМАДЫ

Өткен жылдың аяғында СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысына сәйкес, Совет аудандық партия комитетінің секретары И. Закирченко жолдастық бастаған топ қызметкерлері Сартомар МТС-нің аймағына келді. Бұл аймақтағылар станция мен қолхоздарға басшылық етудегі иесіздік жойылады, шаруашылық жұмыстарына басшылық енді жақсарады деп үміттенді.

Бірақ, И. Закирченко және топтың құрамындағы нұсқаушы Қ. Білебаев жолдастық жұмысы олардың үміттенгеніндей болып шықпады. Тіпті олар өздері бекітілген аймаққа көп уақытқа дейін бармады да. Уақыт өте берді. Асықпай жүріп жаңа жылды аудан орталығында қарсы алды. Енді олар өз жұмыстарын аудандық партия комитетінің үйінде арнаулы кабинет жабықтаудан бастады.

Уақыт ешкімді күте ме, жаңа жылдың алғашқы айының бірінші жартысы тағы өтті. Тек январьдың ақырғы онкүндігінде ғана топтың қызметкерлері өз міндеттерін атқаруға кірісу үшін МТС аймағына алғашқы сапарға шықты. Ақыры Закирченко жолдас бір жерге қонып, бір жерге түстене жүріп, Сартомар МТС-нің аймағындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозына «өзер» жетті.

Ол келгенде қолхозда шаруашылық және партиялық-саяси жұмыстың жайы мақтарлық емес еді. Мұнда мал қыстату маусымы нашар ұйымдастырылды. Ал, көктемгі егіске әзірлік қолға да алынбады. Қолхозшылар арасындағы бұқаралық-саяси жұмыс шаруашылық міндеттермен ұштастырылмай, жалаң жүргізілді.

Алайда, бұл кемшіліктердің бәрі де Закирченко жолдасы ойлантпады, қолхозда біраз бөгелуге себеп те бола алмады. Ол келген күнінің ертеңіне қолхоз председателі мен партия ұйымының секретарына жазылама нұсқау берді де, келесі қолхоздарға кете барады. Осы алғашқы сапарынан кейін Закирченко жолдас «Қазақстанның 30 жылдығы» қолхозында 60 күн бойы болмады. Ендеше қолхозға бұлай «басшылық ету» қандай нәтиже бермек?!

Біз жуырда «Қазақстанның 30 жылдығы» қолхозында болып, төмендегі төзгісіз фактілердің куәсі болдық. Аудандық партия комитетінің секретары Закирченко жолдас бұл қолхозда болған кезінде партия ұйымының жұмыс жайымен де таныспанты, оның жұмысындағы кемшіліктерді жоюға көмектеспенді де. Қолхоз партия ұйымындағы 20 коммунистің бірқатары партиялық тапсырма атқармайды, ұйымның жұмысына белсене қатыспайды. Тіпті көп реттерде партиялық тапсырма дұрыс берілмейді. Мәселен, партия ұйымының секретары Дуғитов жолдасының айтуына, партиялық тапсырма ретінде ауылдық Советі атқомінің председателі коммунист Жуевтың жолдас финанс жұ-

ауыл интеллигенттері үгіт-бұқаралық жұмыстарын жүргізуге түгел тартылмағандық. Осы қолхозға бекітілген агроном Кривоножко, зоотехник Әлібаев жолдастардың қолхозшылардың агро-зоотехникалық оқуын ұйымдастырмай, қыстай ауылда селтеңден бос жүруі үлкен күнә.

Қолхозшылар арасындағы бұқаралық-саяси жұмысты бағаламаушылық шаруашылық міндеттерді шешуге керісінше әсер етуде.

Қолхоз көктемде 3500 гектардан астам егін салуға, бытыл 3100 гектар тың жер игеруге тиіс. Алайда, бұл жұмыстарға әзірлік мүлдем нашар. Қолда бар тұқымның үштен бірі ғана тазаланған. Қолхоз басшылары жарамсыз тұқымды айырбақтау, сол сыяқты, дөңді дақылдар мен өкпе шөптің жетіспеген тұқымдарын іздестіріп табу ісіне кіріскен де жоқ.

Аудандық партия комитетінің МТС аймағындағы топ қызметкері нұсқаушы Білебаев жолдас соңғы кезде бұл қолхозға келіп, он күннен астам болды. Бұл нұсқаушының партия ұйымына көмектесуі үшін аз уақыт емес. Бірақ, амаз не, Білебаев жолдас ауылдағы партиялық-саяси жұмыстың, шаруашылықтың түбірлі мәселелерімен айналыспады. Ақыры қолхоз басқармасы мен партия ұйымына нақты көмек көрсетпестен кете барды.

Топтың қамтуындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» қолхозындағы жағдай, міне осындай. Мүмкін, топ қызметкерлерінің «жиі болдық» деген МТС пен басқа қолхоздарда істің жайы жақсы шығар. Жоқ, бұлай деп айту қиын.

АЙТАРЛЫҚТАЙ ӨЗГЕРІС ЖОҚ

Біз Закирченко жолдасы МТС кеңесінде кездестірдік. Әңгімелесіп отырмыз. Бір кезде өзінің 60 күн болмаған жеріндегі жағдайға шырдай алмады білем, телефонның трубкасына жармасты, «Қазақстанның 30 жылдығы» қолхозындағы нұсқаушы Білебаевты шақырды.

—Өтпеген-ай, ол кеңесіде жоқ екен. Аудандық комитеттің алда болатын бюро мәжілісінде Дуғитовтың есебін тыңдайық деп отырмыз. Мүмкін, оны қызметтен босатармыз. Қолхоз председателі Мұқашев жолдасы да қызметтен босатуға әзірміз. Бірақ, былай өкініш жыл оның орнына лайықты адам таба алмай жүрміз.

—«Красное поле» қолхозының жағдайы қалай?!

—Нашар. Қолхоздың бұрынғы председателі Ламыш қызметтен босатылды, кәзір агроном Яковенко председателі болып істейді. Сонда да жағдай түзелмей тұр. Аудандық комитеттің соңғы өткен бюросында Пиманов жолдасы қолхоз партия ұйымының секретарлығынан босатуды ұйғарды.

Біраз әңгімелескеннен кейін Закирченко жолдас өзін тығыз шақырғанын айтып, аудан орталығына жүріп кетті. Мұндай шақырулар жиі болып тұратын көрінеді. Ол уақытының көбін аудан орталығында толып жатқан мәжілістер мен

Партия ұйымының жұмыс жоспарында социалистік жарысты ұйымдастыру, үгітшілердің семинар-кеңестерін өткізу мәселелері көрсетілген. Алайда, бұл мәселелер жүзеге асырылмай, көбіне қағаз жүзінде қалып қойып келеді. Үгітшілердің семинары өтпегені айдан астам уақыт болды.

Бытыл МТС қамтуындағы қолхоздар көктемде 16 мың гектардан астам егін салады, 8600 гектар жаңа жер игереді. Алайда, бұл маңызды іске әзірлік өте бау жүргізілуде. МТС-те трактор бригадалары қажетті тракторшылармен толықтырылған жоқ. Қысқы агротехникалық шаралардың жүзеге асырылуы да мардымсыз болды. МТС бойынша небары 700 гектар егістік жерге қар тоқтатылған. Көктемгі қар суын тоқтату жөніндегі жоспар қолхоздарға жіберілмей, бас агроном Кузнецов жолдасының столында ұмыт қалыпты. Станция қамтуындағы төрт қолхозда 5 мың центнер бапсыз тұқым бар. Күні бүгінге дейін бірде-бір қолхоз тұқым айырбақтауға кіріскен жоқ. Солай бола тұра да, МТС басшылары бұл жөнінде қолхоздарға көмек көрсету туралы шешуші шаралар қолданбай, аудандық нұсқау күтін отырған көрінеді.

Атап айтатын бір мәселе сол — МТС басшылары мал шаруашылығының тағдыры үшін өздерінің жауапкершілігін жете сезбейді. МТС қамтуындағы бірде-бір қолхозда мал азығы туралы, буландырылып берілмейді. «Красный полтавец», «Новый быт», «Красное поле» қолхоздарындағы мал азығын турап беретін машиналар жұмысқа қосылмай, босқа тұр.

Еліміздің әрбір түңкірінен тың және тыңайған жерлерді игеру үшін станцияға жас патриоттар көптеп келуде. Олар алғашқы күннен бастап өздерінің жұмысына белсене кірісті. Бірақ, МТС басшылары станцияға келген жас патриоттарды пәтер үйлермен, асханалармен толық қамтып алмай отыр. Жақында Совет Армиясының қатарынан келген Б. Шүйшібаев жолдас өзінің семьясымен екі күндей орналаса алмай, ақырында селоны өзі аралап, пәтер үй іздеуге мәжбүр болды.

Міне, бұл кемшіліктердің бәрі де аудандық партия комитетінің Сартомар МТС-і аймағындағы секретары Закирченко жолдасының көз алдынан өтіп жатады. Солай бола тұра да, ол партия басшылығын ауылшаруашылық өндірісіне жақындату, МТС пен қолхоздарға басшылық етудегі иесіздікті жою, механизаторлар мен қолхозшы шаруалардың күн санап өсіп отырған саяси және өндірістік белсенділіктерін арттыра беру жөнінде мардымды ештеңе істей алмай жүр.

ТОПТЫҢ ЖҰМЫСЫН ЖАҚСARTY КЕРЕГ

Аудандық партия комитетінің жаңа жағдайдағы жұмысы өскелең талаптардың дәрежесіне сай болуы үшін оның МТС аймақтарындағы топ қызметкерлерінің тәжірибелерін қорытып, жұмыстағы кем-



Петропавл станциясының паровоз депосы жанынан жарық және жақсы жабдықталған асхана салынған. Ол күн сайын темір жол бөлімшесінің 1200-ге жуық жұмысшыларын, инженер-техник қызметкерлерін қамтыйды. Жаңа асханада тағамдардың 27 түрі дайындалады. СУРЕТТЕ: жаңа асхана залдарының бірі.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Кинооператорлар Петропавлда

Облысымызда тың және тыңайған жерлерді игеру жұмыстарын киноға түсіру үшін Мәскеудің документті фильмдер орталық студиясының біртоп операторлары мен режиссерлары Петропавлға келді. Келгендердің ішінде режиссерлар И. Польский, А. Медведкин және кинооператорлар Сталиндік сыйлықтың лауреаты атағын екі рет алған С. Кочан, А. Сологубов және О. Серинт бар. Олар жуырда Октябрь және Преснов аудандарында киноға түсіру жұмыстарын жүргізе бастайды.

Сол сыяқты, Петропавлға Алматы киностудиясының кинооператоры М. Сағымбаев жолдас келді.

Жас таланттар коллективі

Октябрь ауданындағы Марьевка орта мектебінің көркемөнершілер үйірмесі аудандағы үлгілі үйірмелердің бірінен саналады. Бұл үйірменің құрамында 50-ге жуық адам бар. Көркемөнершілер коллективі оқытушы И. Юдин жолдасының басқаруымен кең программалы ойын-сауық кештерін жиі өткізіп тұра-

„Жауапкершіліктен жалтарудың қолапайсыз әрекеті...“

Соғыс тұтқындарын еліне қайтару жайындағы американдық баяндамасы туралы Синьхуа агенттігінің пікірі

ПЕКИН, 22 март. (СОТА). Синьхуа агенттігі «Біріккен ұлттар командованиясының соғыс тұтқындарын еліне қайтару жайындағы баяндамасының мақсаттарын әшкерелеуде. Бұл баяндама, деп көрсеткен агенттік, алдағы Женева келесіне байланысты, американдық жағының соғыс тұтқындарын күшпен ұстап қалғаны үшін өз жауапкершілігінен жалтарудың кезекті қолапайсыз әрекеті болып табылады.

Американдық баяндама, делінген агенттіктің хабарында, айқын фактілерді ешбір дәлелсіз бекерге шығарып, бұрмалаудың ескі американдық тактикасының үлгісі болып табылады. Баяндамада американдық жағының соғыс тұтқындарын күшпен ұстап отырғаны туралы бұлжымайтын мәліметтердің, корей-қытай жағы тапсырған және еліне қайтару жөніндегі бейтарап комиссия дәлелдеп берген мәліметтердің маңызын кеміте алатындай ешбір жаңалық жоқ.

Еліне қайтару жөніндегі бейтарап комиссияның бұдан шамамен бір ай бұрын жарияланған ең соңғы баяндамасының өзі соғыс тұтқындары арасында түсінік жұмысын сәтсіздікке ұшыратқаны, оларды еліне қайтаруға жол бермей, күшпен ұстап қалғаны үшін американдық жағының жауапты екенін анықтады. Еліне қайтару жөніндегі бейтарап комиссияның бұл баяндамасының қорытынды бөлімінде былай деп атап көрсетілген: оңтүстік лагерьде американдық агенттері құрған және басшылық етіп отырған ұйымдардың болуы соғыс тұтқындарына берілді-мәс дейтін «қалағанын таңдап алу бостандығы жайындағы сылтаулардың бәрін бекерге шығарды». «Комиссияның қол жеткен тәжірибесі негізінде өзінің мынадай қорытындыға келгенін, — делінген жоғарыда келтірілген баяндамада: — міндеттер туралы (бейтарап комиссияның, — Ред.), келісімді неғұрлым толық жүзеге асыру жөнінде онан әрі жұмыс жүргізілмесе, соғыс тұтқындары еліне қайтарудан өз еркімен бастартты-мыс дейтін сылтаулар

құрғақ сөз жүзінде және ешқандай документпен дәлелденбеген күйінде қалады деген қорытындыға келгенін комиссия ашықтан ашық мәлімдеуге тиіс».

Комиссияның осы баяндамасында былай деп көрсетілген: агенттер жасап отырған кедергілердің салдарынан, соғыс тұтқындарының шағын бөлегі ғана өлімге баруға тәуекел етіп, елге қайтару правосымен пайдаланды, ал еліне қайтқысы келген кейбір соғыс тұтқындарын агенттер атып өлтірді.

Американдық жағынан, деп көрсеткен Синьхуа агенттігі, бұл фактілерді және еліне қайтару жөніндегі бейтарап комиссияның қорытындыларын өз баяндамасында еске салуға батылы бармаған. Ол мұның орнына еліне қайтару жөніндегі бейтарап комиссияда болған және американдық қылмыстарын жасыруға тырысқан Швеция мен Швейцария өкілдерінің басқаша көзқарастары дейтіндерге сүйеніп, өзін өзі ақтауға әрекеттенген. Бірақ, бұл қылмыстардың айқын екендігі соншалық, тіпті Швейцария мен Швеция өкілдерінің өздері де бұл қылмыстарды жасыру мүмкін емес деп талты. Өткен жылдың аяғында жоғарыда көрсетілген өкілдер алдын-ала жасалған ерекше баяндамада былай деп мойындады: Тонжанидегі лагерьде болған соғыс тұтқындары күшті террорлық ұйымдардың бақылауында болып, «өздерінің өмірі үшін хауіптенді», ал «оңтүстік лагерінде бірнеше соғыс тұтқыны өлтірілді». Еліне қайтару жөніндегі бейтарап комиссиядағы Швеция өкілі генерал-майор Ян Стенстрём 10 мартта Бомбейде: еліне қайтқысы келген соғыс тұтқындарын өлтірген агенттерге американдық жағының басшылық еткенін мойындаған.

Хабардың қорытындысында Синьхуа агенттігі мынаны тағыда атап көрсеткен: американдық баяндама американдық орындарының соғыс тұтқындары жөнінде жасаған қылмыстары үшін жауапкершіліктен жалтару әрекеті болып табылады.

Стокгольм үндеуінің төрт жылдығы

СТОКГОЛЬМ, 22 март. (СОТА). Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің атом қаруына тыйым салу туралы Стокгольм үндеуінің жарияланғанына 19 мартта төрт жыл толды. Оған дүние жүзінің барлық елдері үн қосып, кеңінен қуаттады. Үндеуге, жаппай қырғын-

ға ұшырататын қаруға тыйым салуды бірауыздан талап еткен, бес жүз миллионнан астам адам қол қойды.

Бүгін «Нью Даг» газеті Стокгольм үндеуінің төрт жылдығына арнап арнаулы бет берді.

Батыс Германияны ремилитарландыруға қарсы Лондонда болған митинг

ЛОНДОН, 22 март. (СОТА). Кеше бейбітшілікті қорғаудың лондондық федерациясы Батыс Германияны ремилитарландыруға қарсы наразылық митингісін ұйымдастырды. Митингте Лондон

М. Эйри ұлттық әйелдер ассамблеясының атынан сөйлеп, Батыс Германияны ремилитарландыруға қарсы жуырда жарияланған шағымнан кейін, екі күннің ішінде, ұлттық әйелдер ассам-

мысына, ал, колхоз председатели коммунист Мұқашев жолдас егіс жұмысына жауапты көрінеді. Бұлай дұрыс тапсырма бермеу коммунистердің белсенділігін арттырмайды, қайта тежейді. Өйткені, Жұсыпов, Мұқашев жолдастар өздерінің қызмет бабы бойынша финансы егіс жұмыстарының жайына жауапты екені өзіннен-өзі түсінікті. Тек осы себепті ауылдық Советі атқомі мен колхоз басшылары Жұсыпов, Мұқашев және Дәуітов жолдастардың өздері колхозшы шаруалар арасындағы бұқаралық-саяси жұмыстан қол үзген.

Колхоз бригадаларында үш партия тобы бар. Бірақ, топтардың жұмысы формальды ұйымдастырылған, олар егіншілер мен мал өсірушілер арасындағы саяси жұмыстың жайына ықпал жасай алмай келеді. Сартомар бригадасындағы партия тобының ұйымдастырушысы Мықақев жолдас соңғы үш ай бойы топтың құрамындағы коммунистерді бірде-бір рет жыйнап, әңгімелеспепті де.

Партия ұйымының мәліметіне қарағанда, колхоздағы әрбір үгітші өз участкасында үнемі әңгіме өткізіп отыратын сыяқты. Бірақ, олардың көпшілігінің әңгімесі колхоздың алдында тұрған шаруашылық міндеттермен ұштастырылмай, жалаң жүргізіледі. Кейбір үгітшілер өздерінің саяси білімдерін арттыру, колхоз өмірін терең білу мәселелерімен шұғылданбайды.

Бір мысал келтірейік. Дәуітов жолдас оқытушы К. Өйткенова жолдасы таңдаулы үгітшілердің бірі деп мақтайды. Ал, шындығында Өйткенованың саяси білім дәрежесі төмен, ізденбейді. Ол соңғы кезде газет оқып, радио хабарларын тыңдаудан да қалыпты. Өзінің онүйлігіндегі 13 адамның колхоз өндірісіне қалай қатысатынын, ал, быйыл артельдің қанша тың жер игеретінін де білмейді. Олай болса, оның әңгімесінің әсерлі болуы үлкен күмән туғызады.

Үгітшілердің өз міндетіне бұлай жауапсыз қарауына, алдымен, партия ұйымының секретары Дәуітов жолдас кінәлі. Өйткені, ол үгіт коллективінің жұмысына басшылық жасауды мектеп директоры Сейфиев жолдасқа тапсырып, өзі бұл аса маңызды жұмыстан тыс қалған. Колхозта

жолдас Закирченко жүр. Бұған Закирченко жолдас қынжыла қойтын сыяқты емес. Өйткені, оның семьясы осы уақытқа дейін аудан орталығында тұрады, семьясын көшіру үшін селода лайықты үй жоқ деген желеуді бетке ұстап, МТС орталығында стандартты жана үйлердің салынуын күтіп жүрген сыяқты.

Рас, Закирченко және Білебаев жолдастар соңғы кезде МТС пен оның қамтуындағы «Красное поле», «Новый быт» колхоздарында бірнеше рет болған. Бірақ, мәселе мынада: жана жағдайға сәйкес олар өздерінің жұмыс әдістерін өзгерткен жоқ, көп реттерде жұмысты тек колхоз председателдерімен, МТС басшыларымен және бастауыш партия ұйымдары секретарьларымен әңгіме өткізумен ғана тыңдырады. Топ қызметкерлері өздерінің күнделікті жұмысында саяси жұмысты шаруашылық міндеттермен ұштастыра жүргізуге, партия ұйымдарының колхоздар мен МТС-тің іс-шараларына ықпалын күшейтуге жете назар аудармайды.

Сартомар МТС-і өткен жылы колхоздармен жасасқан шарттарын орындауда колхозшы шаруалардың алдында үлкен борышта қалған болатын. Станция быйыл да өткен жылғы кемшіліктерін қайталауда. Оның жұмысындағы елеулі кемшіліктердің бірі механизаторлар арасындағы ұйымдастыру және саяси жұмыстың жеткіліксіз дәрежеде жүргізілуінен болып отыр деуіміз керек.

Жұртқа мәлім, барлық жерде МТС қызметкерлері Бүкілодақтық социалистік жарысқа ұштасып, ауыл шаруашылығын мықтап өркендету жолындағы социалистік жарысты күннен-күнге кеңінен өрістетуде. Алайда, Сартомар МТС-нің басшылары, ең алдымен, бастауыш партия ұйымы, оның секретары Макин жолдас механизаторлар арасындағы социалистік жарысты ұйымдастыру жұмысын қолға да алмапты. МТС кеңсесі мен жондеу мастерскойынан механизаторлардың социалистік міндеттемелерін, жауынгерлік листоктерді іздеп таба алмайсыз. Жондеу мастерскойындағы көрсеткіш тақтасына жондеушілердің жұмыс қорытындысы күнде емес, есепшінің жеңілі түскен күндері ғана толтырылады.

Мәлімдерді үнемі ашып отыру қажет. Бұл жөнінде Совет аудандық партия комитеті МТС-терге топ қызметкерлерін бөлумен ғана қанағаттанып келеді. Шікірімізді дәлелдеу үшін аудандық комитеттің топ қызметкерлерінің тәжірибелерін ауыстыру, олардың білімін арттыру жөнінде ешбір шара қолданбағанын айтсақ та жеткілікті. Нұсқаушы Білебаев жолдас бізбен әңгімесінде мынаны мәлімдеді:

—Партия жұмысының практикасынан тәжірибе кем, бұрын аудандық комитеттің бөлімінде нұсқаушы болып істегенімде түрлі шағымдар мен арыздарды тексерумен уақыт өтті. Көзім партия жұмысының күрделі мәселелерін шешуге тура келеді. Мұнда көп қиындыққа кездесемін. Аудандық комитет әлі де болса нұсқаушылармен жұмыс істеуді ұмыт қалдырып отыр.

Аудандық комитеттің МТС аймағындағы топ қызметкерлері түрлі мәжістер мен кеңестерге аудан орталығына ретсіз көп шақырылады. Ал, аудандық комитеттің секретарьлары Бәшіров, Козин жолдастар жергілікті жерлерде сирек болады. Мұның бәрі партия қызметкерлерінің тікелей бұқара арасында болып, жұмысқа қолма-қол басшылық етуіне бөгет жасайтынын айқын.

Жалғыз Закирченко мен Білебаев жолдастар ғана емес, аудандық партия комитетінің Совет, Шағлы МТС-тері аймақтарындағы топ қызметкерлерінің (нұсқаушы Мырзақанов жолдасқа басқасы) бәрі де семьяларымен аудан орталығында тұрады. Сөйтіп, МТС-тер мен колхоздарда жүргізілетін ретінде аз кідіріп, өте шығады. Міне, сондықтан да аудан жұртшылығы оларды селоның ақсүйектері деп аңыз етеді.

Ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету мақсаты колхозшылар мен МТС, совхоз қызметкерлері арасындағы ұйымдастыру және саяси жұмысты мейлінше жақсарту, ды талап ететіні мәлім. Ендеше Совет аудандық партия комитеті және оның МТС аймақтарындағы топ қызметкерлері мұны жете ұғынуға тиіс.

М. НҮРҒОЖИН,

СМИРНОВО. (Арнаулы тілшіміз).

Пленум қаулысын насихаттау

Петропавл ауданының еңбекшілері СОКП Орталық Комитеті Пленумының «Елімізде астық өндіруді оған әрі арттыру туралы, тың және тыңайған жерлерді игеру туралы» қаулысын зор еңбек өрлеуі үстінде қарсы алды. Бұл күндері Пленум қаулысы жөнінде ауданның колхоздары мен совхоздарында және МТС-терінде әңгімелер өткізілуде. Бұл әңгімелерді өткізуге өткен сайлау кезінде саяси-бұқаралық жұмысты жоғары дәрежеде жүргізіп, көпшілік құрметіне бөленген үгітшілер белсене араласуда.

Колхозшылар мен механизаторлар осындай әңгімелерден кейін Пленум қаулысын жүзеге асыру жолындағы социалистік жа-

рысқа ұштасып, өздеріне көтерілген міндеттемелер алуға. Пленум қаулысы туралы әңгімелеу Димитров атындағы колхоздың колхозшысы Черепанов жолдас былай деді:

— Пленум қаулысы совет халқының әл-ауқаты мен мәдени дәрежесін жақсартуға бағытталған. Осы уақытқа дейін колхозда 1500 гектар тың және тыңайған жерлер болса да, ол пайдаланылмай, құнарсыз, ескі жерлерге егін егіліп келді. Әрине, мұндай жерлерде дөңді дақылдар егісінен төмен өнім алып жүрдік. Быйыл көктемде колхоз 500 гектар тың және тыңайған жерлерді игермек.

Сол сыяқты, Петропавл МТС-нің көрденді комбайншысы Ким, механик Барстен жолдастар техниканы өнімді пайдалану арқылы жоғары бойынша белгіленген 600 гектардың орнына 1500 гектар жерді жұмыстауға міндеттенді.

Пленум қаулысына жауап ретінде, тек Петропавл МТС-нің өзінен ғана 65 адам жаңа жерлерді игеретін трактор бригадаларында тіркеуші, май құюшы болып істеуге тілек білдірді.

Ауданның партия ұйымдары, насихатшылары мен үгітшілері Пленум қаулысын насихаттауды барған сайын өрістетіп түсуде.

М. ҚУАТОВ.

ды. Бұл көшпен түскен қаржылар мектептің жалпыға бірдей оқу қорына және көркемөнер үйірмесіне қажетті киімдер мен музыка аспаптарын алуға жұмсалады.

Жуырда бұл көркемөнершілер коллективі аудан орталығының еңбекшілеріне үлкен сауық кешін ұйымдастырды. Көршілер, әресе, хор және оркестр үйірмелерінің өнеріне риза болды. Жекпе-жүгілерден 9-класс оқушылары А. Оспанова, Т. Поপুর, Л. Бартенова совет композиторларының өндерін жақсы орындауларымен көзге түсті. Сол сыяқты, бишілер коллективінің орындауындағы «Левониха», «Бульба», «Полянка» билері өте табысты болды.

Көзім мектептің көркемөнершілер коллективі аудан орталығынан 25 километр қашықтықтағы Ольгинка селосының еңбекшілеріне ойын-сауық көрсетуге әзірленіп жатыр.

Қ. ҚҰРМАНҒАЛИЕВ.

Тираж бойынша ұтыс төлеу

Облысымыздың жыйнақ қассалары бұл күндері заем ұстаушыларға ССРО халық шаруашылығын қалпына келтірудің және өркендетудің мемлекеттік екіінші және төртінші, бесінші заемдарының ұтыс тираждары бойынша ұтыстар төлеуде.

Үстіміздегі айдың басынан бері қаладағы жыйнақ қассалары осы заемдардың облигациялары бойынша 550 мың сом ұтыс төледі. Оның ішінде 25 мың сомдық бір ұтыс, 10 мың сомдық бір ұтыс және 5 мың сомдық екі ұтыс төленді.

У. ДӘУЛЕТОВ.

Сот залынан

Бұзақылар қатаң жазаланды

Николай Воронов, Виталий Кручинич және Виктор Гаврилин дегендер 9 февраль күні мас қалпында драма театрына барып, спектакль жүріп жатқан кезде тәртіпсіздік істеп, зрительдердің спектакль көруіне кедергі жасаған. Театр басшылары тарапынан ескерту жасалуына қарамастан, бұзақылар тәртіпсіздік істеуін тоқтатпаған.

Жоғарыда аталған бұзақылардың көпшілік орнында тәртіп бұзуы салдарынан спектакль көрсетуді жарты сағатқа жуық уақыт тоқтатуға тура келген.

Петропавл қалалық 2-участоктік халық соты осы бұзақылық істері үшін Вороновты 8 жылға, Кручиничті 7 жылға және Гаврилинді 5 жылға бас еркінен және сайлау, сайлану правосынан айыруға үкім етті.

К. ПАК.

Қалалық прокурор.

графтығы советнің мүшесі Фредерик Тондж ұлттық әйелдер ассамблеясының өкілі Маргарет Эйри, бұрынғы әскери қызметкер Алан Шаффер және священник Стэнли Эванс сөз сөйледі.

Ф. Тондж өзінің сөзінде, көзір, дүниежүзілік екінші соғыстың аяқталғанынан бері тоғыз жыл өткеннен кейін, герман милитаризм қайтадан бас көтеріп отырғанын атап көрсетті. Тондж ағылшын үкіметінің Батыс Германияны қаруландыру туралы мәселелері саясатына қарсы наразылық білдіруге шақырды.

БАТЫС БЕРЛИН ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ РЕМИЛИТАРЛАНДЫРУҒА ҚАРСЫ КҮРЕСІ

БЕРЛИН, 25 март. (СОТА). Бонн үкіметінің соғыс саясаты және оның бағыны арттыру арқылы шінара тиіп отырған зардаптары Батыс Герман және Батыс Берлин жұмысшыларының арасында ашынған назарлықтар тудыруда.

АДН агенттігінің хабарына қарағанда, кеше Веддинг ауданында (Берлиннің француз секторы) жұмысшылардың демонстрациясы болған. Демонстранттар «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договорға қарсы назарлық ұранда-

олеясы шағымға жаңадан қолдар қолдыру үшін бланкелер жіберуді сұраған 12 мың өтініш алды, деді.

Священник Стэнли Эванс Батыс Германияда армия құру Батысқа жаңа шабуыл хаушпн туғызатынын мәлімдеді. Ол Батыс Германияның Батыс Европада жер алуға тырысып, көзірдің өзінде тексерушілік талаптар қойып отырғанын айтты. Батыс Германияны қайта қаруландыру саясаты, деді ол, мейлінше хаяпті.

рын алып шығып, Германиямен бітім договорының жасалуын талап еткен. Осындай демонстрациялар Шпандаун (ағылшын секторы) және Батыс Берлиннің басқа аудандарында да болған.

Кеше Батыс Берлиннің металл өндіретін өнеркәсіп орындарында металшылар газетінің арнаулы саны таратылған. Онда жалақының арттырылуы жөніндегі талаптарды қолдау ретінде ескерту ереуілдерін өткізуге шақыру жарияланды.

ТУНИСТЕГІ ЖАППАЙ ЕРЕУІЛ

ПАРИЖ, 25 март. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің хабарына қарағанда, Тунисте бүгін бірқатар кәсіподақ бірлестіктері жариялаған 24 сағаттық жаппай ереуіл басталған. Ереуілге қатысушылар жалақының арттырылуын талап етуде.

Редактор **Е. МҰХАМЕДЖАНОВ.**



«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«РИМ КЕШКІ САҒАТ 11-ДЕ»

Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ОРЫС БАЛЕТІНІҢ ШЕБЕРЛЕРІ»

Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

1954 жылдың екінші жартысына орталық, республикалық және облыстық газеттер мен журналдарға жазылушылар қабылдана бастады.

Газет, журналдарға қалалық союзпечатьта, барлық аудандық байланыс мекемелерінде, бөлімшелерінде және агенттіктерінде, хат тасушылар арқылы, сол сыяқты, фабрикалардағы, заводтардағы, оқу орындарындағы мекемелердегі, колхоздардағы, МТС-тер мен совхоздардағы баспасөзге жазушы қоғамдық өкілдер арқылы да жазылуға болады. Бірінші жартыжылдық пен екінші жартыжылдықтың арасында баспасөз алғызуда үзіліс болдырмау үшін азаматтарға екінші жартыжылдықта баспасөзге жазылуды тездету ұсынылады.

Облыстық союзпечать.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.